

## №7 дәріс. Экскурсиялық істегі қолданбалы зерттеулердің негізгі мақсаттары.

### Дәріс жоспары:

1. Логикалық пайымдаулардың міндеттері
2. Экскурсия эффектілігін арттырудағы логика рөлі
3. Экскурсия жүргізуші сүйенетін логикалық заңдылықтар

**Мақсаты:** музейдегі қолданбалы зерттеулерді пайдану арқылы білім алушыларға маңызды ақпарат беру.

Экскурсия жүргізушінің білім деңгейі қаншалықты жоғары болғанымен, оны көпшілікке кеңінен жеткізу логиканың көмегі арқылы ғана жүзеге асырылады. Зерттеушілердің пікірлеріне қарағанда, «Логика» – ойлау, оның формалары мен заңдылықтары туралы ғылым болып табылады да, дәлелдеу мен теріске шығарудың белгілі бір әдіс-тәсілдері қаралатын ғылыми теориялар жиынтығын құрайды. Оның негізгі мақсаты мен зерттеу пәні – танымның ақиқаттылығы, танымдық тәсілдер мен әдістердің дұрыс жүйесін қалыптастыру деп саналады. Бірқатар мамандардың пайымдауынша, логика ұғымы объективті дүниенің, шындықтың даму заңдылықтарын бейнелеу мағынасында да қолданыла береді. Кең мағынада логика ойлаудың ғана емес, болмыстың да байланыстарын көрсетеді, бұл жағынан ол онтологиямен сабақтасып жатады. Ойлау мен таным қатар жүретіндіктен логика таным теориясымен де өзара байланысады. Логика философияның негізгі бөлігі болып табылады, өйткені философия «оймен басталып, оймен жалғасады», сондықтан оны кейде «ойлау туралы ойлау» деп те анықтайды. Логика – адам ойының логикалық формалары жағынан және кіріспе білім алу үдерісі кезінде, ақиқатқа жетуін оның заңдары мен пәнін қалыптастырушы тиісті шарттарды реттейтін ғылым болып табылатындықтан, жалпы логикалық тәсілдерді (әдістерді) де зерттеп, зерделейді.

Қазіргі кезде ол пайымдаулар теориясынан, математика және логикалық методологиядан тұратын іргелі ғылымға айналып отыр. Тұтас алғанда, мұндағы зерттеулер тіл мен ойдың арақатынасының қай қырынан келетіне байланысты логикалық семиотика мен логикалық семантика тұрғысынан жүргізіледі. Логикалық семиотикада тіл байламдары таңбалық нысандар ретінде қарастырылса, логикалық семантикада тіл мен логикалық теориялар олардың мазмұны жағынан зерделенеді.

Бүгінгі таңда логикада түсініктеме (интерпретация) ұғымы маңызды рөл атқарады, өйткені бұл ұғым арқылы логикалық заң және логикалық жалғасу ұғымдары анықталынады. Қазіргі логиканың маңызды бір бөлігі – металогикада (логиканың метатеориясын зерттеу) логикалық теориялардың қасиеттері (қайшылықсыздығы, толықтығы, түпкілікті дедуктивтік принциптерінің тәуелсіздігі, т.б.) зерттеледі, яғни оны логиканың өз түзілістері турасындағы өзіндік рефлексиясы деп атауға болады. Логикалық методолдар да қазіргі логиканың бір бөлігін құрайды. Оны жалпы (яғни, ғылым білімнің барлық салаларында қолданылатын танымдық амалдарды зерттейтін) және жекелеген ғылымдардың методологиясы (дедуктивтік ғылымдардың

методологиясы, эмпирикалық ғылымдардың методологиясы, әлеуметтік және гуманитарлық білімнің методологиясы) деп бөледі.

Экскурсия жүргізуші сүйенетін логикалық заңдылықтар белгілілік, бейқарама-қайшылық, бірін-бірі алмастыру, негіздемелік ретінде белгілі болып отыр. Ол логикалық форманы құрылым, ой құрылысы ретінде бағалай келіп, салыстыру, талдау, синтез, т.б. тәсілдерді өзінің әңгіме-баянында, сөздік қорында, экскурсиялық талдауларда қолдана білуі тиіс.

Логика заңдарын білу экскурсия жүргізушіге:

- экскурсиялық материалды дәлелді түрде жеткізу;
- тарихи оқиғаларды, фактілер мен үлгілердің сипатын логикалық жалғастықта анықтай білу;
- экскурсияның ауызша бөлігі мен оның көрсетілетін кезеңінде қорытынды жасай алу;
- әрбір көрсетілім мен баяндау әдістемесінде қолданылатын тәсілдің логикалық сызбасын таңдап алу;
- экскурсияның композициясын қалыптастыру;
- тақырыпты логикалық тұрғыдан ашуға мүмкіндік беретін экскурсия құрылымдарын жасау сияқты логикалық мәселелерді шешуге септігін тигізеді.

Экскурсияда логика талаптарын орындаудың өзіндік ерекшеліктері бар. Оның ең бастысы, айтылған сөздердің басым бөлігі көрсетілетін нысанға барып тіреледі. Яғни тарихи нысанды көруге келген экскурсант айтылған әңгіме-баянды бірінші кезекте сол нысанның аясында танып біледі. Экскурсия материалының логикалық құрылымы экскурсанттарға тікелей әсер етеді, материалды түсінуге, көрсетілген дүние мен айтылған әңгімелерді есте сақтап қалуға септігін тигізеді. Экскурсия жүргізушінің ой логикасы мен көрсетіп жатқан қызметі үнемі экскурсанттардың назарында болғандықтан, олардың қызығушылығын бір қалыпта ұстап тұру және ауық-ауық серпін беріп отыру үшін *логикалық өтулер* жасап отыру қажет. Логикалық өтудің ең басты ерекшелігі – көрсетілім мен әңгіме-баян кезіндегі үзіктер арасын жалғастыру болып табылады. Алайда, логикалық өтулерді әңгіме-баян кезіндегі не болмаса көрсетілім барысындағы бір нысаннан екіншісіне көшумен шектеуге болмайды. Логикалық өтулер әңгіме-баянның бір бөлігі болып саналады. Егер экскурсия жүргізуші әңгіме-баяны нысандарды өзара байланыстырмай бірінен соң біріне өтер болса, онда логикалық тұтастық бұзылады.

Логикалық өтулердің экскурсияда маңызы зор. Белгілі бір тақырыпшаны игергеннен соң, келесі тақырыпшаға өзара тұтастықта өту арқылы негізгі тақырыпты ашуға мүмкіндік беретін логикалық өтуді мамандар да, өзгелер де жоғары бағалайды. Оның өзара тәуелді, қарама-қарсы, бағыныңқы, салыстырмалы, т.б. нұсқаларын мамандар кезінде көрсетіп те қойған еді.

Экскурсия барысында бір нәрсені мақұлдайтын немесе теріске шығаратын логикалық пайымдаулар да қолданылады. Логикалық пайымдаулар:

- бір заттың айналасындағылардан бөлінуін, басқа нысандардан жіктелуін;
- нысанның сыртқы келбетіндегі белгілі бір бөліктердің (бөлшектерді) ашылуын;

-нысан мен одан бөлініп көрсетілген бөлшектің ара қатынасының қарастырылуын шешуге септігін тигізеді.

Логика заңдарын білу экскурсия жүргізушіге экскурсия алдында тұрған бірқатар міндеттерді шешуге жәрдемдеседі. Барлық экскурсиялық әдістеме, оның тәсілдері логика заңдары мен талаптарына сай құрылады. Ол экскурсия жүргізушінің қызметін бір қалыпқа түсіруді қамтамасыз етеді, көрсетілім деңгейлерін ажыратуға, оларды әдістемелік тәсілдер бойынша есте сақтап қалуға мүмкіндік береді. Экскурсиядағы логикалық тізбе мен хронологиялық өлшем материалдарды қабылдаудың маңызды бір бөлігі болып табылады.

Музейдегі ғылыми-анықтамалы аппарат музейдегі әрбір экспонаттың тұрған жерін, ауысқан орнын, күнін тез арада анықтай алатын әртүрлі тармақты картотека жүйесін құрайды. Қазіргі кезде орталық музейлерде ғылыми-анықтамалық құжаттардың маңызы артып, тәжірибелік жұмыста олар есепке алудың негізгі түрлерімен теңеседі. Мысалы: Орталық Мемлекеттік Музейде есепке алудың: 1) түскен заттарды алғашқы есепке алу; 2) ғылыми инвентаризациялау; 3) музей заттарының қозғалысын есепке алу; 4) топографиялық есепке алу сияқты негізгі 4 түрі бар. Осылай бөлуде негізгі және қосалқы құжаттар арасындағы өзгешелік және ерекшеліктер жойылады. Өйткені алғашқы есепке алу мен ғылыми инвентаризациялау тұрақты сақтау құжатына жатса, ал музей заттарының қозғалысы мен топографиялық есепке алу есепке алудың қосалқы түріне жатады. Бұл жерде олардың екеуінің де музейде алатын орны мен маңызы зор. Өйткені негізгі және қосалқы құжаттар бір-бірімен тығыз байланысты. Есепке алудың екі түрін өзара байланыстыратын нәрсе түсім кітабы мен инвентарлық кітапта да жазылатын заттың нөмірлері. Бұл нөмірлер кітаптарда міндетті түрде өсу дәрежесі бойынша қатаң түрде ешқандай өзгертілмейтіндей етіп жазылса, ал ғылыми-анықтамалық картотекада заттардың нөмірлері барлық жағдайда оның өсуі бойынша толтырылмайды. Ол картотеканың толтыру мақсатына, бағытына қарай өзгеріп отырады. Жалпы тарихи және өлкетану (аймақтық) арнайы музейлердегі археологиялық және этнологиялық заттарды жинақтау осы пәндердің даму үдерісінде пайда болған ғылыми тәсілдерге сүйенеді. Музейдегі жинақтау басқа да бағытта жүретіндіктен, ол тәсілді тікелей музейде құруды талап етеді. Музейдегі жинақтаудың тәсілі туралы Ресей және басқа да шетел ғалымдарының еңбектері мен мақалалары бар. Бірақ, осыған қарамастан, бүгінгі таңдағы заттарды жинақтаудың теориясы мен әдістемесі жеткілікті түрде зерттелмеген. Жинақтау тәжірибесіндегі: қазіргі замандық шынайылық нысанын анықтау (олар тарихи бағыттағы музейлерге сай келуі керек), қазіргі замандық музейлік маңызды заттарды таңдап алу критерийі мен әдіс-тәсілдерін жасау сияқты өзекті мәселелерді атап өтуге болады.

Музейге ұйымдар мен жеке адамдардан түскен заттарды қабылдап алу. Музей қызметінің жинақтау саласындағы қолданатын тәсілдерінің бәрін атап шығу мүмкін емес. Солардың ішіндегі ең тұрақтысы мен нәтижелі түрі (аптаның белгілі бір күні) жергілікті халықтан музейге сыйға тартатын немесе сатуға әкелген құнды заттарын қабылдау, музейдің қоғамдық белсенділеріне кіретін кейбір адамдар арқылы, басқа да жерлерде тұратын корреспонденттер арқылы

заттарды іздестіру болып табылады. Қызықты тақырыптық коллекцияларды жинақтауға түрткі болатын белгілі оқиғаларға, ұлы адамдарға арналған көрмелер екенін күнделікті тәжірибе көрсетіп отыр. Осы оқиғаға қатысушылар, тарихи ұлы тұлғалардың ұрпақтары осы көрме жұмысының барысында музейдің бірден-бір белсенді көмекшісіне айналады. Музей қорларын жинақтау туралы ұсыныстар қор бөлімдерінің қызметкерлерінен және тарихпен, қазіргі замандық оқиғалармен айналысатын ғылыми қызметкерлер мен экспозиционерлерден түсіп тұрады. Бұл ұсыныстар типтік коллекцияларды толықтыру, уақыт талабы бойынша оны жалғастыру, жаңа тарихи оқиғалардың, ғылым мен мәдениеттің, өндіріс пен тұрмыстық жағдайдың дамуын көрсететін жаңа типтік және тақырыптық коллекциялар құрудың қажеттілігінен туады. Музейлік маңызды заттар белгілі бір өмір саласын ұзақ жылдар бақылаудың нәтижесінде анықталады. Олар: жергілікті халықтардың өмірін, бақылау, белгілі тарихи тұлғалардың ұрпақтарымен тікелей араласу, маңызды оқиғаларға қатысушылар мен еңбек ардагерлерімен қарым-қатынас жасау және т.б. Музейге түскен заттар музейлік маңыздылығын анықтау барысындағы ғылыми негізделген күрделі іріктеуден өтеді. Біздің музейлерде заттарды алдымен уақытша қабылдап, ол арнайы музей қызметкері мен заттың иесі қол қойған актіге жазылып алынады. Осымен бір мезгілде тапсырып отырған адамға белгілі заттың шығуы, жасалуы туралы, оның қолданылған ортасының тарихы туралы мәліметтер, яғни аңызы жазылынып алынады. Бұл құжатқа заттың иесі қол қояды. Бұл аңыз заттың құндылығын анықтауға көмектеседі, бірақ оны зерттеу барысында тексеру керек.

Осыдан кейін музей мамандары экспертизалық қорытынды жасайды. Музейдің қор сатып алу комиссиясының мүшелері осы құжаттардың негізінде затты қорға алу керек пе әлде қайтару керек пе және заттар қорға немесе ғылыми-қосалқы қорға кіре ме сияқты мәселелерді шешеді және де оның бағасын анықтайды. Ал мұның бәрі арнайы хаттамаға жазылып қойылады. Заттың иесінің музей қойып отырған талаптары мен бағасына келісімін алғаннан кейін, затты тұрақты сақтауға қабылдау туралы акт жазылады. Бұл актіні өзінің қолымен, музейдің мөрі арқылы директор бекітеді. Содан кейін барып, музей заттарының немесе ғылыми-қосалқы қорларының түсім кітабына енгізіліп, өткізу құжаттары арқылы арнайы қорларға беріледі. Қорларды жинақтау мақсатындағы дала зерттеулерін ұйымдастыру және өткізу. Тарих және қазіргі заман бойынша қорларды жинақтау мақсатында жүргізілген далалық зерттеулер таңдап алынған аймақтың бағыттық экспедициялық зерттеу тәсілін қолданады. Музейлік экспедициялар нақты алынған міндеттерге байланысты бір-ақ рет немесе бірнеше рет жүргізілуі мүмкін. Ол белгілі бір аймақтың қалыптасуынан дамып, жетілуіне дейін зерттеуі керек. Далалық зерттеулердің тағы бір түрі оқиғаның болған жерін, оның артын суытпай жүргізілетін репортажды жинау болып табылады. Музей тәжірибесінде таңдап алынған шынайылық нысанын зерттеудің этнографтар қолданатын стационарлық тәсілін де жүзеге асырады. Бұл тәсілді музей тұрмыстық салттарды зерттеу мен материалды мәдениет тарихы коллекциясын толықтыруда заттарды іріктеу сияқты міндеттерін шешуге пайдаланады. Музей көбінесе, ұзақ мерзімді

бақылау жүргізу үшін жергілікті тұрғындар арасынан өздерінің корреспонденттеріне тапсырады. Көптеген музейлер жүргізіп тұратын, стационарлық тәсілге ұқсас тағы да тұрақты жұмыс істейтін экспедициялық зерттеулерде жүргізіледі. Жаңа және қазіргі заман тарихы бойынша жүргізілетін экспедицияларды ұйымдастыру тәсілі анағұрлым жетілдірілген. Негізінен экспедицияның жұмысы: дайындық кезеңі, далалық зерттеулерді өткізу, қорытынды кезең болып үш кезеңге бөлінеді.

Дайындық кезеңі – экспедицияның міндетін анықтау, тақырыпты таңдау, шынайылықтың аймақтың таңдауды негіздеу, тұрақтандыру. Бұл кезеңде экспедицияның тақырыбына қатысты ғылыми әдебиеттер оқылып, өз және басқа да музейлердің жинақтарындағы коллекциялар қарастырылып, жұмыстың бағдарламасы мен бағыты жасалады. Бірінші кезеңнің қорытынды бөлігінде экспедицияның жетекшісі басқа да экспедицияларда мүшелерінің қатысуымен қор сатып алу комиссиясы мен музей дирекциясы үшін арнайы баяндама жасайды. Екінші кезең далалық зерттеу кезеңі жұмыстың жоспары мен бағытты экспедиция болатын орнында анықтап, нақтылаудан басталады. Келген бетке экспедиция барысында жүргізілетін сұранысқа қатысты адамдардың тізімі жасалады немесе ол алдын ала реттеліп қойылған болса, ол нақтыланып, тексеріледі. Далалық зерттеулерге: далалық бақылау; жергілікті тұрғындармен әңгімелесу, сөйлесу, олардың әңгімелері жазып алу; экспедицияның тақырыбына сай келетін деректер көзі – маңызды музейлік заттарды анықтау; ілеспелі мағлұматтарды зерттеу (ол ауызша немесе жазба түрде (жазбалық, өнер туындылары, дыбыстық түрде болуы мүмкін сияқты қызметтер кіреді. Далалық зерттеу барысында кейбір заттардың суреттерін салу, өлшеу және де қазіргі замандық техникалық құралдар арқылы заттарды сипаттау, қосымша құжаттық деректер жиналады. Осы құжаттардың бір бөлігі музейлік маңызды заттық сипат алуы мүмкін. Ал басқа бөлігі ғылымиқосалқы қорға енеді. Далалық зерттеу барысында жұмыс үдерісін, қалыптасқан коллекцияның құрамын көрсететін экспедициялық құжаттар жүргізіліп отырады. Музейлік маңызды заттарды қабылдап алу актісі ең қажетті заңдық құжат болып табылады. Олар қабылдап алу кезінде бір немесе бірнеше заттарға жасалады да, онда музейдің атауы, материалды өткізіп отырған ұйымның атауы немесе адамның атыжөні, заттардың саны, сапасы жазылады. Актіге затты өткізуші адам мен музей қызметкерлерінің қолы қойылып, оған күні көрсетіліп, нөмірленеді. Ал ол экспедицияның соңында музей заттарының қабылдау актісіне тізіміне қосылады. Далалық тізім экспедицияның негізгі ғылыми құжаты болып табылады. Ол экспедиция мүшелеріне далалық жағдайдың өзінде де музейлік заңдық маңыздылығын анықтауға көмектесетін заттың негізгі белгілерін ескеріп отырып жазады. 1) нөмірленеді; 2) заттың атауы мен сипаттамасы; 3) заттың саны; 4) датасы; 5) шыққан жері, тарихы, кімге жатқандығы туралы; 6) размері, сақталу дәрежесі; 7) заттың кімнен түскені және оның иесі; 8) бағасы көлемі немесе сыйға тартылғаны туралы жазбалар; 9) қабылдап алынған датасы мен құжаттар (есеп, акт); 10) нөмер және қор бөлімінің шифрі; 11) ескертпелер. Бұл деректердің бәрі затты белгілі бір тақырып бойынша байланыстыруға, оның түпнұсқалығын анықтауға, заттың

ерекшелігін анықтауға көмектеседі. Экспедиция күнделігі екінші маңызды құжат болып табылады. Онда жұмыстың жүру барысы: шынайылық бақылау, заттар туралы мәліметтер, кездесулер, далалық тізімге кірмеген заттардың деректері. мысалы заттың авторы мен иеленушісі туралы жанжақты мағлұматтар, ізденіс пен зерттеудің әрі қарай жүру барысы жазылады. Арнайы дәптерлерге музей зерттеген оқиғаларға қатысушылардың, қариялардың, ардагерлердің әңгімелері жазылып алынады. Негізінен экспедицияның бір мүшесі алдын ала дайындалынып алынған сұрақтар барысында әңгіме жүргізсе, екінші мүшесі оны жазып алып отырады. Бір дерек туралы бірнеше жазылып алынған жазбалар, сол фактінің дұрыстығын тексеруге мүмкіндік береді. Экспедиция түсірілініп алынған фотосуреттердің, негативтің нөмірін, орнын, уақытын белгілей отырып, арнайы реестр жасайды. Экспедицияның музейлік маңызды заттарды анықтау барысында оны толық жүргізу үшін арнайы мекен-жайлық кітабы болады. Онда экспедиция кезінде үйінде болмаған немесе басқа жақта тұратын адамдардың мекен-жайы жазылады. Бұл кітап музейдің қызықтырған материалдарын іздестіру жұмысын кеңейтуге және далалық зерттеу аяқталғаннан кейін де іздестіру жұмысын жалғастыруға көмектеседі. Бұл аталған құжаттардың – күнделік, әңгіме жазбасы, фотосуреттердің тізімінің барлығы арнайы нөмір қойылып, экспедицияның описіне кіргізіледі. Бұл олардың экспедициялық коллекциялармен біріктіріліп сақталуына жағдай жасайды. Экспедицияның сәтті жүруі оның жүргізген жұмыстарының бағытына байланысты.

#### ***Бақылау сұрақтары:***

1. Ойлаудың негізгі заңдылықтарын айтыңыз.
2. Логиканың заңдары мен талаптарын жіктеңіз.
3. Логикалық өтулерді сипаттаңыз.
4. Логикалық пайымдаулардың міндеттері неде?
5. Экскурсия эффектілігін арттырудағы логика рөлін бағалаңыз.

#### **Ұсынылатын әдебиеттер:**

1. Основы музееведения. Отв. Ред. Э.А. Шулепова М., 2005
2. Мескон М.Х., Альберт М. Хедоури. Основы менеджмента. М., 1993.
3. Дькова Р.А. Основы экскурсоведения. –М.:1985.–255 с.
4. Белугина Г.К. Экскурсоведение. –Иваново, 2005. –21 с.
5. Емельянов Б.В. Экскурсоведение. Учебное пособие. –М., 2002.
6. Тайман С. Қазақстанда мұражай ісінің даму тәжірибелері және проблемалары (1946-1970 жж.): тар. ғыл. канд. дисс... – Қарағанды, 1999. – 158 б.